



**«ФИЛОЛОГИЯЛЫҚ БІЛІМ БЕРУДЕГІ  
ҚАЗІРГІ ТЕХНОЛОГИЯЛАР»**  
республикалық ғылыми-әдістемелік  
конференция

*Алматы, 6 желтоқсан, 2013 жыл*

Республиканская научно-методическая  
конференция

**«СОВРЕМЕННЫЕ ТЕХНОЛОГИИ  
В ФИЛОЛОГИЧЕСКОМ ОБРАЗОВАНИИ»**

*Алматы, 6 декабря, 2013 года*

## МОРФОНОЛОГИЯ ЖӘНЕ ЖЕРГІЛІКТІ ТІЛ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Н.Ж. Егізбаева., Б.И. Досанов

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті

Әдеби тілдегі кейбір сөздердің ауызекі сөйлеу тілінде басқаша немесе әдеби тілде бірнеше нұсқасының қатар қолданылуы сөз құрамындағы дыбыстардың алмасуынан болатыны белгілі. Бұл құбылыс түркітануда «сингармониялық варианттар», «сингармониялық параллельдер» немесе «фонетикалық дыбыс сәйкестігі», «дыбыстардың спонтанды (игерусіз) өзгерісі» деп әртүрлі аталып жүр. Олардың пайда болу, қалыптасу себептері де әртүрлі түсіндіріліп келеді.

Тіл білімінде сөз варианттары, дыбыстар сәйкестігі мәселесі аз зерттелген жоқ. Варианттылық мәселесі синхрониялық тұрғыдан да, диахрониялық тұрғыдан да тіл біліміндегі өзекті мәселелердің бірі болып келеді. Жалпы осы варианттылық мәселесі тіл білімінің барлық саласына қатысты. Көбінесе лексикология, диалектология, әлеуметтік лингвистика тұрғысынан зерттеліп, қарастырылған. Кейінгі уақытта «вариант», «инвариант» ұғымдары фонологиялық тұрғыдан қарастырыла бастады.

Академик Ә.Т. Қайдар қазақ тіліндегі бір буынды түбірлер варианттарының фонологиялық, морфологиялық және сыртқы факторлардың әсерінен пайда болатындығын көрсеткен. Бір буынды түбірлер варианттылығы ұзақ жылдар бойы тығыз байланыста болғанын байқаймыз. Фонологиялық, морфологиялық факторлардың әр тілде өз заңдылықтары бойынша қолданылатынын ескерте келіп, ғалым бір буынды түбірлердің варианттарын «фономорфологиялық» деп атайды. Ғалым дыбыстардың сәйкестігі мен дыбыстардың алмасуын екіге бөліп қарастырады. Дыбыстардың алмасуы түбірге қосымша жалғанғанда дыбыстардың бір-біріне регрессивті немесе прогрессивті әсерінен іске асады, мысалы, *сөз – сөй -ла* жұрнағы жалғанғанда *з-й* алмасуы іске асады. Ал дыбыс сәйкестіктері артикуляциялық базасының жақындығынан қалыптасады [1].

Түркітанушы М.А. Черкасский сингармониялық варианттар қырғыз тіліндегі *gomul* – *gomul* «нырять», қазақ тіліндегі *izgi-azgi* «священный», қарақалпақ тіліндегі *qural-qural* «орудие» лексика-семантикалық жағынан ешқандай айырмашылығы жоқ, тек сөз құрамындағы дыбыстардың алмасуынан туған вариант сөздерді, ал қазақ тіліндегі *ayra* «рыдат» – *uyra* «тихо и протяжно стонать», татар тіліндегі *асу* «горки» – *aci* «кислый», башқұрт тіліндегі *qainu* «свекорь, тесть» – *kaini* «теща» сияқты құрамындағы дыбыстардың алмасу себептерінен лексика-семантикалық жағынан алшақтап, дербес мағынаға ие бола бастаған сөздерді сингармониялық параллельдер деп атайды. Автор бұл құбылысты сингармониялық варианттар немесе сингармониялық параллель деп атаудың өзі шартты екенін ескерткен [2, 354 б.].

Түркітануда көптеген ғалымдар дыбыстардың алмасуын жергілікті ерекшеліктер аясында қарастырған. Якут тіліндегі жергілікті тіл ерекшеліктерін зерттеуші Е.И. Убрятова осы тілде тарихи ескерткіштер болмауы себептерінен тілдегі болған тарихи үрдістерді анықтау оңай еместігін, сондықтан диалектілерде дауысты дыбыстардың параллель қолданылуын түсіндіру қиынға соғатындығын айтады. Түркі тілдерімен салыстыра зерттегенде ғана кейбір диалектілердегі дыбыс сәйкестіктерінің қалыптасу себептерін анықтауға болады.

Е.И. Убрятова сөз құрамындағы дыбыстардың алмасып қолданылуын диалектаралық және диалект ішіндегі дыбыстар сәйкестігі деп қарастырады да, түркі тілдеріндегі әртүрлі диалектілердің араласуынан қалыптасқан деген пікір білдіреді. Түркі тілінің фонетикалық құрылымын тарихи тұрғыдан қарастырғанда әртүрлі диалектілердің араласуынан қалыптасқан құбылыстарды байқауға болатындығы жайлы пікірді Э.В. Севортян да айтқан.

Қазақ тіл білімінде түбірлердегі дауысты дыбыстардың еркін алмасуы көбіне жергілікті ерекшеліктер ретінде зерттелді. Қазақ диалектологтары С.Аманжолов, Ж. Досқараев, Ш. Сарыбаев, Ғ. Қалиев, О. Нақысбеков, Н.Жүнісов, Х. Кәрімов, Т.Тасымов,

А. Үдербаев еңбектерінде әдеби тілмен салыстырғанда диалектілерде дауысты дыбыстардың алмасып қолданылатындығы, ерекшеліктері, қолдану аясы, себептері жайлы тұжырымдар жасалды. Диалектологтардың еңбектерін салыстыра келе байқағанымыз – ашық-қысаң, еріндік-езулік, жуан-жіңішке дыбыстар алмасуының қазақ говорларында біркелкі таралмағандығы. Мысалы, *о-ұ, а-ы, ы-а* алмасуы әр өлкенің қазағының тілінде кездеседі. Сондай-ақ «кейбір алмасулар жүздеген сөзді қамтыса, бірқатары 10-20 сөзді қамтуы мүмкін. Екі-үш сөздің төңірегінде ғана кездесетін алмасулар бар екендігін» [3, 19 б.] көреміз. Бұдан дыбыстардың сөйлеу процесі кезінде алмасатындығын байқаймыз. Ал дыбыс алмасудың пайда болу себептеріне келсек, С. Аманжолов кейбір алмасуларды көрші дыбыстардың ықпалынан, кейбіреулерін өзге тілдердің әсерінен деп түсіндіреді. Мысалы, *шәбелену (шабалану), кәуіп (қауіп), шүбәт (шұбат)* сөздеріндегі екпінсіз *ә*-нің жіңішке *ш* және *к* дыбыстарының ықпалында болуы [4, 35 б.].

С. Омарбеков пен Н. Жүнісовтің еңбегінде түбірдегі дауыссыз дыбыстардың алмасуы тілдің іпкі заңдылықтарының әсерінен, фонологиялық бейтараптық, яғни дыбыстардың фонологиялық жүгінің әлсіреуі, экстралингвистикалық факторлар, фонетикалық қоршаудың әсерінен деп бірнеше себептерді көрсетеді. Ғалымдар түбірдегі дауысты дыбыстардың алмасуын жоғарыда аталған себептермен түсіндіре отырып, қосымшалар құрамындағы дыбыстардың алмасуын «фономорфологиялық өзгерістер» деп атайды. Мысалы, жіктік жалғауының Өзбекстан, Қарақалпақстан қазақтарының тілінде *-ман (-мен, -мән); -саң (-сең, -сәң)* болып айтылуын қарақалпақ тілінің әсерінен деп түсіндіріледі. Дегенмен Шымкент, Жамбыл облыстарында *-мен, -бен, -пен, -менен, -бенен, -пенен / -ман, -бан, пан, -мынан, -бынан, -пынан / -манан, -банан, -панан* болып айтылуы кездеседі [5, 49-51 б.]. Түбірдегі дыбыстар мен қосымшадағы дыбыстарды бөліп қарауға болмайтындығын проф. Ә. Жүнісбек экспериментальды фонетикалық зерттеу нәтижесінде дәлелдеген: «... каждое казахское слово при любой сложной аффиксации произносится единым просодическим настроением, обеспечивающим цельность всех звуков слова. Напр., *ат+тар, ат+тар+ым+ды*. Эта аккуратная агглютинативная системность – дело рук исследователя. А для носителя языка каждое из этих слов является самостоятельным, и при нормальном коммуникативном условии нет необходимости проиносить их членораздельно» [6, 56 б.]. Сондықтан түбірде болсын, қосымшаларда болсын дыбыстар алмасуын фономорфологиялық (морфонологиялық) деп атау жөн сияқты.

Х. Кәрімов әдеби тілде жуан варианты қолданылатын сөздердің жергілікті тіл ерекшеліктерінде жіңішке вариантының қолданылуы немесе керісінше болуы, мысалы, *маусым – мәусім, ұлпа – ұлпе, абиыр – әбүйір, әйел – айал, әжім – ажым* сияқты алмасулар фонетикалық алмасу деп есептейді. Өйткені олар сөздің морфемалық құрамына тәуелді емес. Дегенмен дыбыстар, біріншіден, морфема құрамынан тыс алмаспайды, екіншіден, ол түбір сөзде де, қосымша құрамында да алмасады. Олардың морфонологиялық болатын себебі морфонологиялық құбылыстардың пайда болу жолдарымен сәйкес келуі. Яғни олардың үнем принципінің, тіл алдына жылжу үрдісінің әсерінен қалыптасуы.

Диалектолог ғалымдарының зерттеулеріне сүйенсек, *а-ә* алмасуы қазақ говорларының бәрінетән. Басым қолданылатыны оңтүстік облыстар С. Омарбеков, Н. Жүнісов бұл құбылыстың бұл аймақта басым болуын көрші өзбек, қарақалпақ тілдерінің әсері, сонымен бірге бұл өңірдегі дауыстысымен айтылатын сөзінің көбі араб кірмелері екенін айтады. Ғалымдар *а-ә* алмасуын көрші тілдердің ықпалы деп қарай беруге болмайтындығын ескертсе [5], Ж. Аралбаев *а-ә* дыбыстарының алмасуын қазақ говорларында өте кең жайылмаған деп көрсетеді. Ол да оңтүстік өңірде басым болуын өзбек тілінің әсерінен деп түсіндіреді [7, 114 б.].

Оңтүстікте *ары, арман* (отыр), *арманырақ, араң* деп жуан айтылатын сөздер Қазақстанның батыс, орталығында *әрі, әрмен, әрменірек, әрең* болып жіңішке айтылатындығы атап көрсетіледі [5, 36 б.]. Диалектологтар *а* мен *ә*-нің керісінше алмасуы қырғыз тілінің әсерінен болуы мүмкін деген пікір білдіреді.

Бұдан аталған құбылыстардың тілдік үрдістерге байланысты жүзеге асқандығын көреміз. Яғни тілден тілге сөздер енгенде бір тілдің элементтері екінші тілдегі артикуляциялық жағынан жақындау деген элементке ауысады.

Қазақ тіліндегі вариантты сөздердің көпшілігі ауызекі сөйлеу тілінің әсерінен пайда болған. Көркем әдебиеттің дамуымен, жазу нормаларының қалыптасуымен байланысты сөздің вариантты түрде қолданылуы азая бермек. Әдеби тілдің өзінде жарыса қолданылып жүрген *алдеқашан – алдақашан, қазір – кәзір, күмән – күман, тілмәш – тілмаш, кәйтін – қайтін, әжуа – ажуа, кәмзол – камзол, қария – кәрия, мәслихат – маслихат* т.б. сияқты сөздер бар.

С. Омарбеков пен М. Жүнісов ашық *а* дыбысымен қысаң *ы* дыбысының қазақ говорларында *а-ы* керісінше *ы-а* болып аралас кездесетіндігін және осы құбылыстың белгілі бір географиялық шегі бар екендігін айтады. Мысалы, шығыс өңіріне *ы-а* алмасуы (*топшала – топшыла, шынжар – шынжыр*) тән болса, батыс өңірінде *а-ы*-ға (*жабаға – жабағы, құдағай – құдағый, салқам – сылқым, омбала – омбыла*) алмасады. Ал оңтүстік говорларда мүлдем басқа сөздердің құрамында кездеседі, мысалы, *айырмасы – айырмысы, таяз – тайыз, нарық – нырық* т.б. Ғалымдар бұл құбылыстың қазақ говорларында пайда болуы дауыстылардың ашық, қысаң болып жіктелген дәуірінен әр өлкенің тіл иелерінің тілінде сақталып қалған тарихи құбылыстардың ізі деп топшылайды [5, 38 б.]. Ғ. Қалиев те осыған ұқсас пікір білдіреді: «*а-ы* сәйкестігі – жалпытүркілік құбылыс, ал қазақ говорларындағы сол құбылыстың бір көрінісі *а-ә, о-ұ, ө-ү, б-ш, ш-ч, ж-дж* сәйкестіктерінде де белгілі мөлшерде осындай сипат бар» [8, 44 б.].

Н.З. Гаджиева қазақ тілінің кейбір диалектілерінде кездесетін *а-ы* дыбыстарының алмасуын басқа түркі тілдерінде сәйкес сөздердің бар болуымен және қазіргі түркі тілдерінде қалдықтары сақталып қалған көне тілдік құбылыс деп түсіндірсе [9, 60 б.], Т.А. Бертагаевтың пікірінше, мұндай алмасулар сөйлеу үдерісінде қалыптасады және оларды әр тілдің генетикалық байланыстары арқылы іске асатын алмасулар, бір тілдің өз ішінде іске асатын алмасулар деп жіктейді [10, 46 б.].

Жоғарыдағы теориялық тұжырымдардан *а-ы (ы-а)* дыбыстарының алмасуы негізінен жергілікті қолданыстарға тән деп айтуға болады. Алайда бұл тек бір ғана аймақта емес, Қазақстанның әртүрлі өңірлерімен қатар Моңғолия өлкесінде кездесетін құбылыс екендігі байқалады. Сондықтан бұл құбылысты тек жергілікті қолданыс деп қана қоймай, оның сырын әріден, түркі тілдерінің байланысы мен көне түркі тілі материалдарынан іздеу керек деп ойлаймыз.

С. Бизақов *ешқандай, ешбір, ешкім* сөздерінің ауызекі тілде ұшыраса беретін *ішқандай, ішбір, ішкім* тәрізді сөздердегі *е-і* алмасуына үнем принципінің әсер еткенін, яғни айтуға жеңілдеу болып өзгерген түр деп түсіндіреді [11, 41 б.]. Ә. Нұрмағамбетов сондай-ақ жергілікті ерекшеліктерде (Қарақалпақстан қазақтарының тілінде) *е-и* алмасуы (*бикар – бекер, текимет – текемет, нише – неше, биім – бейім*), *е-<sup>u</sup>e* (*"ерін – ерін, "есік – есік, "ел – ел*), *о-<sup>y</sup>о* және *ө-<sup>y</sup>ө* (*"орақ – орақ, "ойран – ойран, "оқы – оқы, "өзі – өзі*) кездесетіндігін айтады [12, 70-73 бб.].

Сонымен ашық-қысаң алмасуы – қазақ тілінде (оның аймақтық ерекшеліктерінде) кездесетін құбылыс. Ғалымдар мұндай алмасуларды сөйлеу үдерісінде қалыптасады дей келе, оларды *әр тілдің генетикалық байланыстары арқылы іске асатын алмасулар* және *бір тілдің өз ішінде іске асатын алмасулар* деп жіктейді. Кейбір ғалымдар ашық-қысаң дыбыстардың алмасуын дыбыстар жіктелуі кезеңдерінен қалған із деп есептейді. Мұндай алмасулар кейде сөйлеушіге айтып үйренген нұсқаны қолдануына, яғни дағдылану үрдісіне (фактор традиции) байланысты болады.

Дыбыс алмасуларына байланысты құбылыстардың барлығы тілдің даму тарихымен тікелей байланысты болғандықтан, көп жағдайда фонологиялық шарттылық орын алады. Сондықтан дыбыс алмасулары таза фонетикалық себептермен жүзеге аспайды және олардың өзгеруіне басқа да факторлардың әсері болады.

Әдеби тілдегі кейбір сөздердің ауызекі сөйлеу тілінде басқаша немесе әдеби тілде бірнеше нұсқасының қатар қолданылуы сөз құрамындағы дыбыстардың алмасуынан болатыны белгілі. Бұл құбылыс түркітануда «сингармониялық варианттар», «сингармониялық параллельдер» немесе «фонетикалық дыбыс сәйкестігі», «дыбыстардың спонтанды (игерусіз) өзгерісі» деп әртүрлі аталып жүр. Біз бұл құбылысты «морфонологиялық алмасу» деген терминмен алып отырмыз.

Морфонологиялық құбылыстар артикуляция мен акустикаға байланысты болмағандықтан, оны фонетика ережелерімен түсініруге келмейді. Бір позицияда түрлі өзгеріс пайда болып, ауытқу жиі кездеседі. Сондықтан сөз варианттарының көбеюіне себеп болады.

1. Кайдаров А. Структура односложных корней в казахском языке. – Алма-Ата, 1986. – 388 с.
2. Черкасский М.А. Тюркский вокализм и сингармонизм. – М.: Наука, 1965. – 142 с.
3. Досқараев Ж. Арыс говорындағы сөз тұлғалары // Қазақ тіліндегі жергілікті ерекшеліктер. – Алматы, 1973. – Б. 14-23.
4. Аманжолов С. Вопросы диалектологии и истории казахского языка. – Алма-Ата, 1959. – 239 с.
5. Омарбеков С., Жүнісов Н. Ауызекі тіліміздің дыбыс жүйесі. – Алматы: Мектеп, 1985. – 208 б.
6. Джунибеков А. Просодика слова в казахском языке. – Алма-Ата, 1987. – 90 с.
7. Аралбаев Ж. Вокализм казахского языка. – Алма-Ата, 1970. – 179 с.
8. Қалиев Ғ. Қазақ говорларындағы диалектілік сөз тудыру. – Алматы, 1977. – 123 б.
9. Гаджиева Н.З. Проблемы тюркской ареальной лингвистики. – М., 1975. – 302 с.
10. Бертагаев Т.А. Чередование фонем и сингармонизм в агглютинативных языках. – М., 1950. – 303 с.
11. Бизақов С. Сөздің жарыспа тұлғалары. – Алматы, 1999. – 197 б.
12. Нұрмағамбетов Ә. Қазақ тілі говорларының батыс тобы. – Алматы: Ғылым, 1978. – 216 б.

### *Резюме*

*В статье рассматривается о морфонологических явлениях и их отношении говором в казахском языке.*

\* \* \*

## **ҚАЗАҚ, АҒЫЛШЫН ХАЛЫҚТАРЫНДАҒЫ ЖАҢА ЖЫЛ МЕРЕКЕСІ: ЛИНГВОМӘДЕНИЕТТАНЫМДЫҚ ТАЛДАУ**

*Б. Әбдіманап*

*1-курс магистранты*

Тіл – тек қарым-қатынас құралы ғана емес, адамзат дүниетанымы мен сананы қалыптастырып, дамытуға қызмет ететін күрделі құрылым. Бір мәдениеттің аясында өмір сүретін адамдар бір тілде сөйлеп, ортақ құндылықтарға бағынады, наным-сенімдерді ұстанады. Лингвомәдениеттану тіл мен мәдениеттің өзара байланысын, қатынасын қазіргі заманның ұлттық-мәдени сана сезімі тұрғысынан қарастырады және оның тілдегі көрінісін сипаттайды. Мәдениет, сондықтан да адамдардың жалпы белгісі емес, оларды біріктіретін фактор болып табылады. Әртүрлі халықтар мен мәдениет өкілдерін қарым-қатынас ретінде шетел тілінде сөйлеуге үйрету үшін тілдер сол тілде сөйлейтін халықтардың әлемі мен мәдениетімен үздіксіз бірлікте қарастырылуы қажет. Осыған орай

<i>Егізбаева Н., Досанов Б.</i> Морфонология және жергілікті тіл ерекшеліктері.....	69
<i>Әбдіманан Б.</i> Қазақ, ағылшын халықтарындағы Жаңа жыл мерекесі: лингвомәдениеттанымдық талдау.....	72
<i>Демьянок А.</i> Изучение фразеологических единиц как средство усвоения иностранными студентами украинской базы коммуникантов .....	77
<i>Дюсенгазин Д.</i> XIX-XX ғ.ғ. қазақ поэзиясындағы шепендік өнердің қалыптасуы .....	80
<i>Зейнолла Ж.</i> Қазақ тілі диалектісінің құрылымдық ерекшеліктері.....	84
<i>Исакова У.</i> Қазақ тіліндегі саяси метафора және дискурсивтік талдау.....	90
<i>Исмаилова Ж.А.</i> Оңтүстік Қазақстан аймағында өзгеріссіз сақталған гидронимдер сипаты.....	94
<i>Каразбаева Л.</i> Ассимиляции согласных в башкирских диалектах.....	98
<i>Каримова Р.</i> Вербализация гнева в лексике немецкого языка.....	99
<i>Кенжеканова К.</i> Parliamentary discourses .....	103
<i>Кулжабаева С.</i> Әскери сөздіктердің лексика-грамматикалық құрамы .....	106
<i>Қайымова Б.</i> Ағылшын және қазақ тіліндегі түс компонентті метафоралар .....	109
<i>Мағжан С.</i> Тұрыс қалпының семантикасы .....	111
<i>Маметова Д., Жамалова Н. Қ.</i> Жұбанов зерттеулеріндегі етіс мәселелері .....	115
<i>Маметова Д., Жамалова Н. Қ.</i> Жұбанов - қазақ тіліндегі конверсиялану процесі жөнінде алғаш саралаған ғалым .....	119
<i>Меңлібекова М.</i> Тіл біліміндегі дискурс пен мәтін мәселесі.....	121
<i>Момынова Б.</i> Ұялуды білдіретін кинесикалық және просодикалық амалдар.....	125
<i>Күдедаев Р.</i> Зооморфизмдердің этнолингвистикалық сипаты.....	129
<i>Мұхтар Д.</i> Рымғали Нұрғалидың шығармаларының ғылыми тілі. («Телағыс»).....	132
<i>Мухина Н.Б.</i> Явные и скрытые цели в свете исследования значения и смысла высказывания .....	135
<i>Райханова Л., Арысова Г.</i> Жыраулар поэзиясындағы Абылай хан бейнесі.....	140
<i>Сейдалиева С.</i> Поэзия тіліндегі метафоралар.....	146
<i>Смағұлова Г., Күркебаев К.</i> Құжат тілі.....	149
<i>Тымболова А.</i> «Өмір» концептісінің синергетикалық моделі.....	153
<i>Хусаинова Л., Баширова А.</i> Южный диалекта башкирского языка в работах С.Ф.Миржановой.....	156
<i>Шакирова Д.</i> Аудармадағы бейвербалды амалдардың тілдік ерекшеліктері.....	158
<i>Ыдырысбаева Г.</i> Шәкәрімнің өлеңдеріндегі метафоралардың уәжделуі.....	161
<i>Эргашева Н.</i> Эстетизм как творческое кредо Оскара Уайльда.....	164